

**Мамандық бойынша тест: 2-пән**

1. 400 г 50% күкірт қышқылы ерітіндісінен 100 г суды буландырғанда қалған ерітіндідегі күкірт қышқылының массалық үлесі:

- A) 77,7 %
- B) 60,7 %
- C) 66,7 %
- D) 68,0 %
- E) 65,0 %
- F) 87,7 %

2. Химия пәнінің мазмұнына кіретін материалдар:

- A) бағдарламалар
- B) деректі материалдар
- C) атақты химиктердің ғылымға үлесі
- D) рефераттар
- E) теориялар, заңдар, ұғымдар
- F) әдістемелік нұсқаулар

3. Ең әлсіз электролит:

- A) NaCl
- B) Na<sub>2</sub>SO<sub>4</sub>
- C) KOH
- D) KCl
- E) H<sub>2</sub>O
- F) NH<sub>4</sub>Cl
- G) HI

4. Сутегіні зертханада алу әдісі:

- A) мысты күкірт қышқылымен әрекеттестіру
- B) алюминийдің сілтімен әрекеттесуі
- C) активсіз металдардың тұздарының электролизі
- D) мырыштың тұз қышқылымен әрекеттесуі
- E) магнийдің тұз қышқылымен әрекеттесуі
- F) табиғи газды 800 – 900<sup>0</sup>C-де оттегімен қосу

5. Оқытудың монологтық әдісі:

- A) дәріс
- B) түсіндіру
- C) дөңгелек стол
- D) диктант
- E) әңгіме
- F) семинар
- G) шығарма
- H) ойын

6. 0,80 кг  $\text{CaC}_2$  сумен әрекеттескенде бөлінетін ацетилен көлемі (қ.ж.)

- A) 460 л
- B) 560 л
- C) 500 л
- D) 600 л
- E) 280 л
- F) 380 л

7. Алмасу реакциясы жүзеге асатын жағдай:

- A) реакция нәтижесінде тұнба түзілуі
- B) тотығу, тотықсыздану процестерінің жүруі
- C) нашар диссоциацияланатын заттардың түзілуі
- D) жылудың бөлінуі
- E) жылудың сіңірілуі
- F) газтәрізді заттардың түзілуі

8. Негізгі химиялық ұғымдардың теориялық деңгейіне қарай курстың әр бөлігінде өтілуі - оқу материалының мазмұнына қойылатын талаптардың бірі, ол:

- A) стандартпен үйлесім
- B) ұғымдарды дамыту
- C) политехнизм негізі
- D) қиыншылықты бөлу
- E) көрнекілік принципі
- F) тарихи негіз

9. Зат массасының сақталу заңы сақталмайтын процесс:

- A) термоядролық синтез
- B) экзотермиялық реакция
- C) тотығу-тотықсыздану реакциясы
- D) алмасу реакциясы
- E) радиоактивті ыдырау
- F) қосылу реакциясы

10. Химиялық өндіріс туралы оқуда ең тиімді оқу процесінің ұйымдастыру түрі:

- A) іскерлік ойын өткізу
- B) есептер шығару
- C) факультатив
- D) экскурсия
- E) дәріс
- F) семинар
- G) макеттерді қолдану
- H) химиялық тәжірибе орындау